

Хаттама №1
Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Жанатан ауылы
Күні: 28.01.2023ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Н.К Дауылбаева
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – Г.Т Куатова
3. Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9
4. Хатшы – 1

Барлығы: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту
2. ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру
3. Оқушылардың ІІІ тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры. Н.К Дауылбаева өз кезегіне сөз алып, Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту туралы жылдағдай жұмыстар жалғасын таба берсе нұр үстіне нұр болар еді, сонымен қатар қамқоршылық төрағамыз Оразғалиев Мейрамбек пен қамқоршылық кеңестің мүшелері де сол қалпы, мүшеліктен немес төрағалықтан бас тартып отырған ешкім жоқ, барлығы ел ішінде отыр. Әркім сол өз орнында қалса қалай болады, өткен жылы да жақсы жұмыстар атқарылды жоспар бойынша да тіпті жоспардан тыс да көптеген жұмыстар болды деді. Қамқоршылық кеңеске құрылған жоспармен таныстырып өтті.

2. МДОІЖО –Кутаова Г.Т ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары жөнінде сөз алды. Мектеп ішіндегі 20 оқушыны ыстық тамақпен қамтуды сөз етті. Сонымен қатар 20 оқушының аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балалардың тізімін қолына алып атап шықты. Мысалы Жауынбаевтар отбасында 5 бала бар ата-ана жұмыссыз, Наримановтар отбасында 6 бала мектепте оқиды, анасы жұмыссыз, ал әкесі маусымдық жұмыстарда ара-тұра жасап келеді деді. Мен осы отбасының балаларын тамақпен қамтылуды сұраймын. Қамқоршылық кеңестің мүшелері де ыстық тамаққа ұсынатын балалар болса ұсынысн деді.

3. Әлеуметтік педагог –Баймағнова Алмагүл Оқушылардың ІІІ тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы туралы айтты. Сонымен қатар мектебімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған немесе тұлдыр жетім, АСП алатын отбасынан шыққан оқушылар санаты жоқ, бізде тек аз қамтылған және көп балалы отбасының балалары ыстық тамақпен қамтылған және осы отбасының балаларына ара-тұра ауыл маңындағы компаниялар мен жеке кәсіпкерлер заттай оқу құралдарымен киім кешектермен қамтамасыз етіп кетеді. Биылғы оқу жылында да сол үрдіс қайталанып келе жатыр. Осы аталған санаттағы оқушыларымыздың жағдайы бір қалыпты мектепке келе алмай қалатындай оқушыларымыз жоқ деді.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің төрағасы болып М.А Оразғалиев сайлансын және мектеп директорының қамқоршылық кеңес мүшелері туралы ұсынысы толығымен мақұлдансын.

2. ЖББҚ тамақ ісуге 20 оқушы бекітілсін және өтініштері қанағаттандырылсын.

3. Оқушылардың тоқсан бойы сабаққа дайындығы одан әрі қадағалансын.

Жақтап дауыс бергендер – 9. Қалыс калғандар – жоқ.

Жиналыс төрағасы: **Оразғалиев М** 
(ФИО) қолы

Хатшысы: **Куатова Г.Т** 
(ФИО) қолы

Мүшелері: **Калкаева Умсынай** 
(ФИО) қолы

Құрамысова Гүлнар 
(ФИО) қолы

Бәйдіров Қанат 
(ФИО) қолы

Қарманов Мұхтар 
(ФИО) қолы

Сарсекенов Болатбек 
(ФИО) қолы

Әбілқайыр Айгүл 
(ФИО) қолы

Бекенова Ира 
(ФИО) қолы

Жексенбаев Ербол 
(ФИО) қолы

«С.Ешбаев атындағы орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесінің шешім хаттамасы.

Жаңатаң ауылы 5 қыркүйек 2023 жыл

Өткен уақыты: 15³⁰

Өткен орыны: С.Ешбаев атындағы орта мектебі, қазақ тілі кабинеті

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» Республикалық акциясы әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға көмек көрсету және қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер, оларды тағайындау туралы.
2. Мектептің 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындығы, мектептің жылдық жоспарын қарау.

Тыңдалды:

1. **Мектеп директоры: Н.К. Дауылбаева** өз кезегіне сөз алып мектепке жол акциясы кезінде оқушыларға заттай оқу-құралдарға демеушілік жасауды бір ауыздан ұйымдастырайық деді. Сонымен қатар мектептің 96 оқушысының ішінен жағдайы төмен, табысы аз отбасылардың балаларын ұсыну керек.
2. **Әлеуметтік педагог: Сағилашева Г.Н.** өз кезегіне сөз алып «Мектеп жол акциясы» барша елімізде болып жатқан акция деді. Мектебіміздің мұғалімдері арасында жылма-жыл қаржылай жинақталынып, жинақталған қаражат комиссияның құрамының шешімімен бақыланып, заттай оқу-құрал жабдықтар сатып алынып, оқушыларға таратылып жүрді. Биылғы оқу жылында да осы үрдісті жалғастырсақ дегім келеді. Мектепке жол акциясына Наримановтар, Кенжебаевтар, Берекетовтер отбасының балалары толықтай ілігеді деп ойлаймын.
3. **Қамқоршылық кеңесінің мүшесі- Қалқаева У.Т** өзіне сөз алып Әлеуметтік педагог Сағилашева Гулгулдің айтқандарына қосыламын. Осы аты аталған отбасылардың балалары толықтай осы акцияға қатысуы тиіс. Бұл отбасылардың ата-аналары жұмыссыз, әкелері арасында уақытша жұмыстарға барады, онда да бұл жұмыстар болса, шақырса барады. Сонымен қатар бұл отбасылар көп балалы деп өз сөзін аяқтады.
4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Оразғалиев Мейрамбек өзіне сөз алып күн тәртібіндегі 2-ші мәселеге тоқталы. С.Ешбаев атындағы орта мектебінің директоры Дауылбаева Нургулден мектептің жылдық жоспарын қарап шықтым, сонымен қатар мектептің алдағы оқу жылына дайындық жұмыстарының толық екеінін көрдім. Айтар сыным жоқ. Осы тыянақты бағыттан таймай жұмыс жасай берулеріңізге тілектестік білдіремін деп өз сөзін

аяқтады. Ал күн тәртібіндегі бірінші мәселе мектепке жол акциясы бойынша аты аталған отбасылардың балалары тартылса қарсы емеспін. Ауылдағы саусақпен санарлықтай отбасы тұрады. Қай отбасының қалай күн көріп, қалай тұрып жатқанын білеміз. Бұл отбасылардың ата-аналары жұмыссыз, айтарлықтай ауылда тұрғанымен малдары да жоқ деді. Өзім осы отбасылардың ішінен бір отбасының балаларына заттай оқу-құралдарын алып беруге уәде берейін. Белгілеген уақыт аралығында өз қолыммен әкеліп табыстап кетемін деп сөзін аяқтады.

Дауыс беру:

Қолдаймын-9


Қарсы-жоқ

Қалыс қалған-жоқ

Шешім:

1. Мектепке жол акциясы бойынша жиналған қаражат және заттай оқу-құралдары комиссияның бақылауында болсын, жұмыстарды жүргізілуі қадағалансын.
2. Мектептің оқуға дайындығы мен оқу жылына арналған жылдық жоспары бақылауға алынсын.

Хатшы:

- | | | |
|-------------------------------------|---|-----------------|
| 1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы: |  | Г.Т. Куатова |
| 2. Комиссия мүшесі: |  | М.А. Оразғалиев |
| 3. Комиссия мүшесі: |  | Е.Т. Жексенбаев |
| 4. Ақсақалдар алқасының мүшесі: |  | Г.Ж. Курамысова |
| 5. Комиссия мүшесі: |  | К. Бәйдіров |
| 6. Қайырымдылық жасаушы: |  | М.Н. Карманов |
| 7. Ата-аналар комитетінің төрайымы: |  | С.К. Сарсекенов |
| 8. Ата-ана: |  | А.Т. Әбілқайыр |
| 9. Комиссия мүшесі: |  | И.А. Бекенова |
| |  | Ұ. Қалқаева |

ХАТТАМА № 3

Уақыты: 08.04.2023

Қатысқан адам саны: 9.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
2. Мектеп алаңдарын абаттандыру бойынша бірлескен акция
3. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі.

Тыңдалды: Г.Т Куатова Жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз-тәрбиешілерге оқушының бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызыметін тынықтыратын, қарым-қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды.

Тыңдалды: Оразғалиев Мейрамбек. Қамқоршылық кеңес қызметі БҰ қызметі мен дамытуды қамтамасыз ету үшін қосымша ресурс тартуға, балаларды оқыту жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. «Қамқорлық» акциясына дайындыққа көмек көрсетілді, оның қолдауымен әлеуметтік санаттағы білім алушылар үшін кеңсе тауарлары, киім-кешек жиналды. Сонымен қатар қаласыртындағы «Әсем» «Күншуақ» лагерлеріне өте жақсы оқыған оқушылар мен әлеуметтік санатына қарай оқушылар тағайындалды.


Қамқоршылық кеңес мүшелері жиналыстарға, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысты: Білім күні, Тәуелсіздік күніне орай салтанатты іс-шаралар, Ұстаздар күні, ашық есік күні, салтанатты түрде диплом табыстау, ата-аналар жиналыстары, отырыстарға әкімшілік үнемі шақырылды әрі қатысты.

Тыңдалды: Мектеп директоры: Н.К Дауылбаева алға қойған мақсаттардың бірі мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарының жоспарымен кеңес мүшелерін таныстырды. Ол бойынша көктемгі уақытта мектеп ауласында гүл, ағаш отырғызу қажеттігін жеткізді. Кеңес мүшелері бұл мәселе бойынша өз ойларын ортаға салып, «Таза аула» акциясын ұйымдастыруды жоспарлап, ата-аналар комитетінің төрағаларымен талқылауды сұрады.

Тыңдалды: ДТДЖО-Г.Т Куатова жетім және ата-қамқорлығынсыз қалған оқушылар мектебімізде жоқ.

Шешім:

1. Оқушылардың жазғы демалысы қызықты жоспарлы ұйымдастырылсын.
2. Мектеп ауласын абаттандыруға ата-аналарды жұмылдыру.

Кеңес төрағасы:  М.А Оразғалиев

Хатшы:  Г.Т Куатова

Мүшелері:

Курамысова Гулнар 

Сарсекенов Болатбек Кенесович 

Бекенова Ира Аскановна 

Калкаева Умсынай Табынбаевна 

Әбілқайыр Айгүл Тәжіғалиқызы 

Карманов Мухтар Наурызғалиевич 

Жексенбаев Ербол Танатович 

Байдиров Канат

ХАТТАМА № 4.

Уақыты: 17.11.2023

Қатысқан адам саны: 9.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Әлеметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау.
2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы

Тыңдалды. 1-мәселе бойынша Мектеп директоры: Н.К. Дауылбаева дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт негізінде ата-аналар мен демеушілерді ең болмаса сайыстар мен байқауларға баруға жол ақылары мен ынталандыру сыйлықтарына қолдау білдіруге тартуды ұсынамын.

Тыңдалды: 2- мәселе бойынша әлеуметтік педагог – Ысмайлова Ж сөз берілді. «Қамқорлық» дәстүрлі қайырымдылық акциясын өткізу туралы айтылды. Акцияның мақсаты: жетім, мүгедек, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, материалдық жағдайы төмен отбасыларында тұратын балалардың өмір сапасын жақсарту бойынша шаралар ұйымдастыру, оқушылардың бойындағы мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін дамыту, киім-кешек, оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, білім алуына жағдай жасау болып табылады. Акция қаңтар айының 15-нен ақпан айының 15-не дейін өтеді. «Қамқорлық» акцияны өткізу іс-шаралар жоспарын бекітіп, 1-11 сынып оқушылары, мектеп ұстаздары және ата-аналарды қатысуға мүмкін екендігін ата-аналар жиналысында барлық сыныптарға хабардар етуін сұрады. Қайырымдылық акция аясында мектепте қол бұйымдардың және тәтті тағамдар жәрменкесін ұйымдастырып, түскен қаржыны қайырымдылық қорға өз еркімен берілуі айтылды. Екінші мәселе бойынша, сөзді кенестің төрағасы Оразғалиев Мейрамбекке берілді.

«Қамқорлық» акция аясында қайырымдылық концерт ұйымдастыру жайында және концертке қайырымдылық жәшігін бекітіп, сол жәшікке түскен қаржыға жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасындағы, көпбалалы, мүгедек оқушыларға, кеңсе тауарлары және киім-кешекпен қамтамасыз етуге болатынын айтты. Ауыл айналасындағы компанияларға хат жолдап алдаөтетін жаңа-жылдық шырша уақытында 30 отбасының жаңа жылдық сыйлықтар беріп, бүлдіршіндерді қуантуға ұсыныс бердік деді. Қаржыны есептеу және дұрыс жұмсалуды қадағалау комиссияның ата-аналар құрамынан құру керек екендігін ескертті.

Комиссия құрамына, кеңес мүшелері және ата-аналар комитетіндегі азаматшалар тағайындалуын ұсынылды. Тағайындалған комиссия көмекке мұқтаж оқушыларды анықтап, қандай көмек қажет ететінін жазып, тізімін жасау жұмыстары берілді.

Үшінші мәселе, ата-аналардың өтініштерін қарастырып, анықталған, көмек қажет ететін оқушылардың тізіміне сүйене отырып, ата-анасының өтініштерін қабылдау жұмыстарын орындауын және қадағалау өзіме, кеңес хатшысы – Г.Т. Куатоваға қалдырылды.

Қаулы қабылдады:

1. Дарынды оқушыларды қолдауға ата-аналар мен демеушілерді тарту
2. Қайырымдылық акциясын өткізу туралы бұйрығын бекітілсін, жоспар бойынша шаралар қолданылсын.

Кеңес төрағасы:  М.А. Оразғалиев

Хатшы:  Г.Т. Куатова

Мүшелері:

Курамысова Гулнар 

Сарсекенов Болатбек Кенесович 

Бекенова Ира Аскановна 

Калкаева Умсынай Табынбаевна 

Әбілқайыр Айгүл Тәжіғалиқызы 

Карманов Мухтар Наурызғалиевич 

Жексенбаев Ербол Танатович 

Байдиров Канат 